

Т. Қ. ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

«Театр өнері» факультеті

«Сценография» кафедрасы

**«ДАРЫНДЫ СЦЕНОГРАФ»
ТАЛАПКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ**

ЕРЕЖЕСІ

18-24 ақпан 2022 жыл

Байқаудың өткізілу форматы: онлайн

1. Жалпы ережелер

1.1 Байқау талантты талапкерлер қабылдау мақсатында сценограф-талапкерлерге арналып Қазақ ұлттық өнер академиясының «Театр өнері» факультеті және «Сценография» кафедрасымен ұйымдастырылады.

Байқаудың I, II, III дәрежелі жеңімпаздары Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясына ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНСЫЗ қабылданады.

1.2 Байқаудың мақсаты:

- барлық қатысушыларды болашақ абитуриенттер тізіміне қосу;
- жас сценографтардың шығармашылық қабілетін қолдау және дамыту;
- таланттарды ашу;
- сценография мамандығын дәріптеу, инновациялық бағыттарды дамыту, сценография саласында тәжірибе және біліммен алмасу

1.3 Байқауды өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады; ол комитеттің құрамы Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректорымен бекітіледі және «Сценография» кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы (ПОҚ) мүшелерінен тұрады.

1.4. Ұйымдастыру комитеті байқаудың қазылар алқасын, қазылар алқасының төрағасын және хатшысын сайлайды

2. Байқауды өткізу шарттары

2.1. Байқауға Қазақстан Республикасының болашақ талапкерлерінің барлығы қатыса алады.

2.2. Байқауға қатысуға жіберілген өтінім парақтарын Ұйымдастырушы комитет қарастырады

2.3. Байқауға қатысуға тілек білдірушілер өтінім парақтарын толық және дұрыс толтыруы қажет. Байқауға жіберілген шығармашылық жұмыстарды байқау өткізілу барысында өзгертуге болмайды.

2.4. Байқауға қатысуға тілек білдірушінің қолы қойылған өтінім қағазы оның байқаудың өткізілу реті және шарттарымен толық келісімін білдіреді

2.5. 1-ші тур: 2022 жылдың 18-шы ақпанға дейін саны 10-нан кем емес кез келген бейнелеу техникасында орындалған шығармашылық жұмыстарын жіберуі керек.

2-ші тур:

«Сценография» бағытында дайындау бағдарламасына түсуге үміткерлер қай мамандандыруға түскісі келетініне байланысты (мультимедиялық сценографияға ма, сахналық гримге ме, сахналық костюмге ме) қазақ халық дастаны, ертегілері, аңыздары, мифтері немесе пьесалары негізінде (мысалы: «Алпамыс батыр», «Ер-Төстік», «Қыз-Жібек», «Алдар Көсе», «Қожанасыр») бір эскиз салуы қажет: сахна декорациясының немесе кейіпкер гримінің немесе кейіпкер костюмінің. Эскизді орындау техникасы мен шығарма жанры қатысушының қалауы бойынша. ІІ-ші тур Zoom-форматта өткізіледі, тапсырманы орындауға 2 (екі) сағат уақыт беріледі. Zoom-ға кіру сілтемесі қатысушының өзіне жіберіледі.

2.6. Қажетті материалдарды қатысушылардың өздері қамтамасыз етеді (қағаз, кенеп, картон, қылқаламдар, қарындаштар, майлы немесе акварель бояулар және т.б.)

2.7. Техникалық проблемаларды болдырмау мақсатында қатысушылар MP3-форматта сақталған бейнематериалды USB флеш-картасымен жеткізуді қамтамасыз етуі керек және кафедраның kaznai_scenography@mail.ru электрондық почтасына «Сценографтар байқауына өтінім және видео» атты хат тақырыбымен жіберуі қажет

2.8. Ұйымдастырушы комитет Байқау қатысушыларын шеберханаларды, техникалық жабдықтарды және материалдармен пайдалануға бермейді.

2.9. Ұйымдастырушы комитет Байқау қатысушыларын қандай да бір сақтандыру түрлерімен қамтамасыз етпейді.

2.10. Ұйымдастырушы комитет Байқауға қатысушылардың бейнематериалдарын және олардың композицияларын байқауға қатысушыларға төлемақы жасамай теледидарда, интернетте, әлеуметтік желілерде көрсету, бейне- және кинотүсірілім жасау, бейнежазба тасушы құралдарға жазу және әрі қарай тарату құқығын өзіне қалдырады

2.11. Қатысушылардың өнер көрсету барысын бейне- немесе киножазбаға түсіру Ұйымдастырушы комитеттің арнайы рұқсаты (тағайындауы) арқылы жасалады

3. Байқауды өткізу реті

3.1. Байқау жұмыстарын көрсету ретін Ұйымдастырушы комитет реттейді

3.2. Байқау сынақтары екі турдан тұрады. Бірінші тур 2022 жылдың ақпан айының 18-не дейін өткізіледі. Екінші туры - 2022 жылдың 24 ақпанда өткізіледі.

3.3. Бірінші және екінші турдың әрбір байқау жұмысы қазылар алқасымен жеке 10 баллдық жүйе бойынша бағаланады және тиісті бюллетенге тіркеліп отырады.

3.4. Қазылар алқасы байқау жұмыстарын келесі критерийлер бойынша бағалайды:
1 ТУР

Бірінші турдың мақсаты болып байқауға қатысушының бейнелеу сауаттылығының деңгейін анықтау болып табылады: айналадағы дүние заттарын кез келген графика немесе кескіндеме техникасында суреттей білуін; бейнелеу объектісін орналастырудағы композициялық сауаттылығын, тепе-теңдігін дәл тауып құруын; бейнелеу объектісінің көлемді-пластикалық, фактуралық және басқа да сипаттамасын негізгі реңдік және түстік қатынастар арқылы жеткізе білуін.

2 ТУР

Екінші турдың мақсаты – қатысушының пьеса бойынша салған сахна декорациясының/кейіпкер гримінің/кейіпкер костюмінің эскизі арқылы композициялық ойлау қабілетінің, фантазиясының, тақырыпты аша білуінің

деңгейін анықтау (пьеса жанры және эскизді орындау техникасы қатысушының қалауы бойынша).

3.5. Қазылар алқасының шешімі жинаған баллдарды есептеу арқылы анықталады. Байқау қорытындылары тиісті хаттамамен рәсімделеді.

3.6. Байқау нәтижелері бойынша қорытындылар қатысушыларға Байқаудың соңғы күні хабарланады.

4. Қазылар алқасы жұмысының реті және жеңімпаздарды марапаттау

4.1 Байқауға қатысушылар жұмыстарын Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Сценография» кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамынан құрылған кәсіби қазылар алқасы бағалайды.

4.2 Қазылар алқасының мүшелері мен жауапты хатшы Байқау бағдарламасына кіретін барлық отырыстарға қатысады.

4.3 Қазылар алқасының мүшелері әрбір жұмыс бойынша тиісті баллдарын бюллетендерге қойып, хатшыға санауға жіберіп отырады

4.4 Қазылар алқасының мүшелері келесі номинациялар бойынша марапаттауға ұсынады:

- I, II, III-ші дәрежелі лауреат;

- Дипломант

4.5 I, II, III-ші дәрежелі лауреат атанған Байқау жүлдегерлері Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясына оқуға түсу үшін шығармашылық емтихан тапсырмайды, ҰБТ нәтижелері бойынша қабылданады.

4.6 Байқауға әкелінген үздік жұмыстар авторлары Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясына оқуға түсуге «Сценография» кафедрасы мен «Театр өнері» факультетінің кепілдемесін және рұқсатын алады

4.7 Байқауға қатысуға талпынушылар өзінің өтінімі мен материалдарын Ұйымдастырушы Комитетке 2022 жылдың 18-шы ақпанға дейінгі (қоса алғандағы) мерзімде жібере алады. Ұйымдастырушы Комитеттің адресі: 050000; Алматы қаласы; Панфилов көшесі, 127; Т. Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰОА-сы, «Сценография» кафедрасы. Қосымша ақпарат алу контактілері: e-mail: kaznai_scenography@mail.ru. Call-центр: +7 777 243 71 17, +7 777 517 77 80